

# **XIX ғасырдағы өнер мен оның бағыттары**

# Оқу мақсаты:

7.2.2.2 өнердегі негізгі стиль мен ағымдарды (неоклассицизм, романтизм, импрессионизм, реализм) анықтау

7.2.2.1 тарихи оқиғаларды интерпретациялау үшін өнер туындыларын пайдалану

# Бұл сабақта:

- Жаңа кезеңдегі мәдениеттің қалыптасуы және XVII-XIX ғасырлардағы көркемөнердің дамуының негізгі бағыттары;
- Көркем суреттің ерекшеліктері мен XVII-XIX ғасырлар аралығындағы музыка мәдениетінің гүлденуі;
- Ресейдегі өнердің дамуы мен XVII-XIX ғасырлардағы Шығыс елдері өнерінің даму ерекшеліктері туралы білеміз.


# Тірек сөздер

- мәдениет
- барокко
- рококо
- Классицизм
- реализм
- көркемсурет
- классикалық музыка
- театр

Төмендегі сілтеме арқылы XVII-XIX ғасырдағы өнер мен оның бағыттарымен танысып шығуды ұсынамын.


<https://youtu.be/50ACfksrj2c>  
[https://youtu.be/zRJW\\_NjJvxQ](https://youtu.be/zRJW_NjJvxQ)

# Архитектуралық стиль барокко, классицизм, рококо






Иоган Себастьян Бах- (1685-1750) атақты неміс композиторы. Ол Эйзенах неміс қалашығында дүниеге келген. Еуропалық музыка мәдениетіне сонаталық-симфония бағытын қалыптастырған. Бах 1000-нан аса туындыны жарыққа шығарды.



Волфганг Амадей Моцарт – 1756-1791 жылдары Зальцбург, Қасиетті Рим империясында өмір сүрген. Вена классикалық композиторлар мектебінің жарқын өкілі. Асқан шебер скрипкашы, клавесинист, органист, дирижер болған. Замандастарының куәландыруларына қарағанда таңғаларлық әуендік (есту) қабілеті, есте сақтау, импровизациялық қабілеттері болған.






Людвиг ван Бетховен 1770-1827 жылдары Германияның Бонн қаласында дүниеге келген. Немістің ұлы композиторы, дирижері және пианисі, үш Вена классиктерінің бірі.



Фредерик Франсуа Шопен 1810-1849 жылдары Варшава маңындағы Железьяво-Вола мекенінде өмір сүрген. Поляк композиторы, пианиношы, ұлттық классикалық музыканың негізін салушы. Фортепианоға арналған көптеген туындылардың авторы.



Джузеппе Фортунино Франческо Верди 1813-1901 жылдар аралығында Ронколе, Буссето қаласы маңында дүниеге келген. Италиян композиторы, итальян опера мектебінің орталық фигурасы. Оның ең жақсы опералары Риголетто, Травиата, Аида.



Иоганн Штраус 1825-1899 жылдары Венада дүниеге келген. Көптеген би шығармаларының және танымал оперетталардың авторы, австриялық композитор, дирижёр және скрипкашы. Иоган Штраусты «вальс патшасы» деп атайды.

XVIII ғасырдың басында Ресейде сурет өнері болмаған. Монастырлар тұсында тек икона салушылар ғана болды. I Петрдың тұсында шетел суретшілерін шақыра отырып, Голландия, Италияға дарынды жастарды мемлекет есебінен шеберлік үйренуге жіберген. XIX ғасырда бірқатар дарынды суретшілер пайда болды. 1750 жылы ең алғашқы Ф.Волков Ярославль қаласында орыс театры ашылды.



# тапсырма

Жазушының аты	Шығармасын қандай бағытта жазды?	Танымал шығармалары?
Иоган Себастьян Бах Вольфганг Амадей Моцарт Бетховен Франсуа Шопен Джузеппе Верди Иоганн Штаруст		